

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

Hairdryer


HP4930

HP4931



КК Қолданушының нұсқасы

PHILIPS



Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

1 Маңызды

Құралды қолданар алдында осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтама құралы ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Бұл құралды суға жақын пайдаланбаңыз.
- Құралды ваннада пайдаланған кезде оны пайдаланып болғаннан кейін токтан ажыратыңыз. Құрал ажыратулы болса да, оның суға жақын болуы қауіпті.
- **ЕСКЕРТУ:** Құралды суға жақын қолданбаңыз. Құралды ваннада, душта, бассейнде және басқа су бар жерлерде қолданбаңыз.
- Электр шоғын алмас үшін, ауа шығатын тесік торға темір заттарды енгізбеңіз.
- Ауа торларын ешқашан жаппаңыз.
- Құралды қосар алдында онда көрсетілген кернеудің жергілікті берілетін кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Құралды нұсқаулықта көрсетілмеген басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Құралды жасанды шашқа пайдаланбаңыз.
- Құрал токқа қосулы тұрса, оны қадағалаусыз тастап кетпеңіз.
- Пайдаланып болғаннан соң құралды токтан суырыңыз.
- Басқа өндірушілер шығарған немесе Philips компаниясы нақты ұсынбаған керек-жарақтар мен бөлшектерді ешқашан пайдаланбаңыз. Егер осы керек-жарақтар мен бөлшектерді пайдалансаңыз, кепілдігіңіз күшін жояды.
- Сымды құралға орамаңыз.
- Егер ток сымы зақымдалған болса, өзіңізге зиян тигізіп алмас үшін оны тек Philips, Philips әкімшілігі ұсынған қызмет орталығы немесе соған сәйкес білікті маман көмегімен алмастырыңыз.



- Олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қажетті бақылау жасамаса немесе осы құралдарды қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқау бермеген болса, физикалық сезімталдығы төмен немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар (оның ішінде жас балалар да) бұл құралды пайдалануына болмайды.
- Балалардың құралмен ойнауына рұқсат бермеңіз.
- Қосымша қауіпсіздік үшін ваннаға кіргізілген электр желісіне тізбекті ток құралын (RCD) орнатуға кеңес беріледі. Осы RCD құралында мөлшерленген жұмыс жасайтын ток 30 милиамперден аспауы тиіс. Орнатушыңыздан кеңес алыңыз.
- Егер құрал қатты қызып кетсе, онда ол автоматты түрде өшеді. Құралды тоқтан шығарып, оны бірнеше минутқа суытыңыз. Құралды қайтадан тоққа қосар алдында, ауа торын тексеріп, оның мамықпен, шашпен, немесе т.б. заттармен жабылып қалмағанын тексеріңіз.

Шу деңгейі: $L_c = 76 \text{ dB [A]}$

Электромагниттік өрістер (EMF)

Бұл құрал электромагниттік өрістерге (EMF) қатысты барлық стандарттарға сәйкес келеді. Егер дұрыс және пайдалану нұсқаулығына сәйкес етіп пайдаланылған болса, бүгінгі ғылыми дәлелдер негізінде құралды пайдалану қауіпсіз болып табылады.

Қоршаған орта




Құралды өз қызметін көрсетіп тозғаннан кейін, күнделікті үй қоқысымен бірге тастауға болмайды. Оның орнына бұл құралды арнайы жинап алатын жерге қайта өңдеу мақсатына өткізіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.



2 Шашты кептіру

1 Ашаны розеткаға қосыңыз.

- Жақсылап кептіру үшін концентраторды (2) шаш кептіргішке (3) жалғаңыз.
- Концентраторды ажырату үшін оны құралдан тартып алыңыз.

- 2 Ауа ағыны қосқышын (①) ыстық және қатты ауа ағынымен жылдам кептіру үшін , жылы және жұмсақ ауа ағынымен қысқа шашты кептіру үшін немесе оны сәндеу үшін  және салқын ауа ағынымен үлгі жасау үшін  қалпына келтіріңіз.

Пайдаланғаннан кейін:

- 1 Құралды өшіріп, токтан суырыңыз.
- 2 Оны әбден суығанша ыстыққа төзімді бетке қойыңыз.
- 3 Құралды дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
- 4 Құралды жинаңыз (⑤).
- 5 Құралды шаңы жоқ, құрғақ және қауіпсіз жерде сақтаңыз. Оны ілмегінен (④) іліп қоюыңызға да болады.

3 Кепілдік және қызмет.

Егер ақпарат алу керек болса немесе сізде шешілмеген мәселе болса, Philips компаниясының www.philips.com веб-торабына кіріңіз немесе еліңіздегі Philips тұтынушылар орталығына телефон (ол нөмірді дүние жүзі бойынша берілетін кепілдік кітапшасынан алуға болады) шалыңыз. Егер еліңізде Тұтынушыларды қолдау орталығы болмаса, онда жергілікті Philips компаниясының дилеріне барыңыз.



© Royal Philips Electronics N.V. 2009
All rights reserved.

Specifications are subject to change without notice.
Trademarks are the property of Koninklijke Philips
Electronics N.V. or their respective owners.

PDCC-2009
3140 035 20442



100% recycled paper
100% papier recyclé